



# ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ

№1(36)/2019

АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ / ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

## ОҚЫТУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АРНАЙЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



*"Қостанай облысы әкімдігі білім  
басқармасының"*  
*"Арқалық политехникалық  
колледжі" КМҚК*  
*Өндірістік оқыту шебері*  
**АЛЕКЕШОВ ГИБРАТ ХАЙДАРОВИЧ.**

Оқыту үрдісінің негізгі мақсаты - білім мазмұнын меңгеру. Бұл оқыту бағдарламасындағы нені оқыту керек және неге үйрету керек деген сөз. Білім беру мазмұнында кәсіби техникалық білім беру негізінде білікті жұмысшыларды дайындау мақсатында әлеуметтік мақсаттар көрсетіледі. Оқыту үрдісінің барлық негізгі компоненттері тығыз байланысты. Оқыту мақсаты білім мазмұнында анықталады. Білім мазмұны оқытушының оқыту формасы мен әдісін (педагог әрекеті) және оқытуды (оқушының әрекеті) анықтайды. Оқыту мен оқу тығыз байланыстағы бірлескен әрекет. Өндірістік оқыту - оқу процесінің бір бөлігі мен шебердің іс-әрекетіне нұсқау беруді қамтиды және оқушылардың оқу-жаттығуы қызметінің бөлігі болып табылады. Өндірістік оқыту үрдісі-теория мен практиканың тығыз байланысы.

Өндірістік оқыту процесі әр түрлі нысандар және әр түрлі әдістермен жүзе-

ге асырылады. Білім алушының оқу-өндірістік мінезін, осы қызметке басшылық пен сабақ құрылымдары, оқыту түрлерінің астында оқу-тәрбие процесінің сипатын айқындайтын тәсілдерін түсінуге болады. Білім алушының оқу процесін ұйымдастыру түрлері мен оқу-өндірістік қызметін ұйымдастыруды ажырата білген жөн. Білім алушылардың оқу шеберханалары мен оқу-өндірістік кәсіпорындар учаскелерінде өндірістік оқытудың негізгі ұйымдастыру түрі ол сабақ болып табылады. Ішкі қызмет шебердің нұсқаулығын қамтиды, және өзін-өзі бақылау, ойдағы іздеу процесін ұтымды тәсілдерін орындау, оларды тексеру және т. б.

Болашақ мамандарды даярлауда оқу процесін өндіріспен байланыстыру - басты мәселе. Өйткені, оқу орындары мен өндірістік кәсіпорындарға байланыссыз білікті мамандар дайындау мүмкін емес. Болашақ мамандардың кәсіптік жарамдылығы

өндiрiстiк оқыту барысында байқалады. Олардың көбi өздерiн жан-жақты көрсету барысында жұмысқа орналасуға жолдама алады. Кез-келген жұмыс берушiлердiң жас маманға қойылатын талаптары болады. Бүгiнгi бiлiм алушы-ертеңгi маман бойынан қандай қасиеттерi табылуы тиiс? Қазiргi жасөспiрiмiнiң жеке басының басты сапаларының бiрi – еңбек көзқарасы, еңбектi бағалауы және өз бетiнше кәсiп жасап, еңбек етуi. Олар колледж қабырғасында оқу-жатығу тақтайшаларымен жатығып жұмыс iстеудi үйренедi. Сонымен қатар болашақ жас мамандарда жауапкершiлiк өз бетiмен шешiм қабылдай бiлу қасиеттерiмен қатар өндiрiстiк машық кезiнде өз-өзiн ұстауы, тiлдесе бiлуi, сыртқы келбетi, киiм киiсi де маңызды роль атқарады. [№3/2014 103-104 бет]

Сапалы бiлiм негiзi – жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекi құралдар мен ұтымды технологияларды, тиiмдi әдiс – тәсiлдердi пайдалана отырып, бiлiм алушыға ешбiр кiтаптан таба алмайтын бiлiм беру. Өйткенi, тек оқулықтағы бiлiмдi жеткiзушi өндiрiстiк оқыту шеберiнiң еңбегi. Оқулықтағыны оқушы өзi де оқып алады. Өндiрiстiк оқыту шеберiнiң бiлiм алушыны өндiрiстiк оқытудағы басшылық қызметiнiң мазмұны нақты мазмұнына байланысты (кәсiптер, тақырыптар) және оқу кезеңдерi, бiлiм алушылардың дайындықтары, оқыту шарттары.

Бiлiм алушының оқу-өндiрiстiк қызметiнiң түрлерi оқыту кезiнде қолданылатын әр түрлi оқыту процесiн ұйымдастыру фронтальды - топтық, бригадалық және жеке болып келедi. [№2/2016 74-75 бет]

Осы тақырыпты таңдау себебiм - бұл тақырып оқу процесiне айырмашылығы – практикалық және кәсiптiк бiлiмнiң бiрiктiрiлуiнде. Оқу жоспарында өндiрiстiк практикалық сабақтарға өте аз сағат берiлуiне байланысты туындап тұрған жағдай. Осы аталған жағдайларды болдырмау мақсатында оқу процесiне сабақтан тыс – өндiрiстiк

оқытуды ұйымдастыруды қарастырып отырмын. Аталған тақырып бойынша негiзгi басым бағыттың бiрi еңбек нарығына қажеттi маман даярлау болып табылады. Бүгiнгi таңда колледжiмiзде оқушылардың қалада және қала сыртындағы кәсiпорындарында өндiрiстiк тәжiрбиеден ету мүмкiндiгi зор. Бiз өндiрiс орындарының тапсырысы бойынша мамандар даярлаймыз. Бүгiнгi мамандықтардың ерекшелiгi сол – бiтiрушi түлек жұмыссыз қалмау керек. Мамандар өндiрiсте жұмыс жасағанда кейбiр мәселелерге туындамас үшiн, жұмыс берушi өндiрiстiк оқыту процесiнiң барлық уақытын тиiмдiлiкпен өткiзген жөн. Оқу орындарымен бiресе отырып жұмыс жасау өндiрiстiк мекемелер үшiн өте тиiмдi, себебi өзiне келетiн болашақ кадрларды дайындауға үлесiн қосу болып табылады. Бүгiнгi бiлiм беру процесiн де оқушымен жеке жұмыс жүргiзу арқылы дарындылықты дамыту, оқушының жеке зерттеу жұмысына танымдық белсендiлiк арқылы қызығуды қалыптастыру өндiрiстiк оқыту шебер үшiн маңызды. Өрбiр оқушы өз мамандығын жетiк менгеру үшiн, практикалық бiлiмiн сабақтан тыс уақытында қосымша жетiлдiруге, сонымен қатар қоғаммен тез тiл табысуға үйренедi және жауапкершiлiктiң не екенiн сезiнедi. Бiз көбiне теорияға 60% ал практика жағына тек 40% ғана мән беремiз. Осының салдарынан практикалық жағымыз әлсiздiк танытып отыр. Мұндай жағдайда оқушылардың теория барысында алған бiлiмдерiн, сабақтан тыс уақытында жүзеге асыру яғни қосымша тәжiрбие мен даярлау қажеттiлiгi туындайды.

Аталған тақырыпты оқығанда өндiрiстiк оқытудың формаларының анықтамасынан бастаған дұрыс. Өндiрiстiк оқытудың формасы деп сабақ барысында оқыту шеберiмен (оқытушымен) оқушылардың өзара қарым-қатынасын айтады, сабақ барысында оқушылардың iс-әрекетiнiң ұйымдастыру жолы болып табылады, және оған өндiрiстiк оқыту режимi мен өткiзiлетiн жерiн жатқызуға болады. Өндiрiстiк оқыту са-

бағын ұйымдастыру барысында нұсқау жұмыстарының ерекше орын алатынын ескере отырып оның мынадай түрлерi: кiрiспе, нұсқау, негiзгi нұсқау (негiзгi бөлiм), қорытынды нұсқау.

Ендi өндiрiстiк оқытудың сабақтан тыс формаларына тоқталып кетейiн. Өндiрiстiк оқытудың сабақтан тыс формалары. Өндiрiстiк оқыту процесi негiзiнде оқу шеберханалары мен өнеркәсiптiң оқу учаскелерi, цехтарында жүргiзiледi де, шебер барлық топтармен бiр мезгiлде жұмыс атқарады. Мұнда сабақтан тыс өндiрiстiк оқытудың мына түрлерi жүзеге асырылады:

- Оқушыларды бiлiктi жұмысшылар бригадасы құрамында жасақтап оқыту.

- Бiлiктi жұмысшыларға оқушыларды жекелеп, дарапал немесе топтап бекiту.

Өндiрiстiк оқытуды ұйымдастырудың мына негiзгi формалары:

Топтық - шебер бiр мезгiлде барлық оқушылармен жұмыс iстейдi, барлық топтарда сабақ мақсаты бiрдей.

Бригадалық оқыту түрi - шебер не бiлiктi жұмысшы бiр мезгiлде жекелеген оқушылар бригадасымен жұмыс iстейдi, әрбiр бригада өз алдына ерекшелiгi бар оқу-өндiрiстiк мақсат қояды.

Жеке - жеке оқыту - әрбiр оқу оқушымен жеке жүргiзiледi.

Қорыта келе, бiлiктi жұмысшыларды дайындауда кәсiптiк бiлiм беру жүйесiнде өндiрiстiк оқытудың негiзгi формасы – сабақ болып қала бередi. Сондықтан әр бiлiм алушыға кәсiптiк бағдар берудi өндiрiстiк оқыту iсiмен нақтылы көмек көрсете бiлуi абзал. Өндiрiстiк оқытудың өз дәрежесiнде өтуi оқыту құралдарының, материалдық-техникалық базаға және оқушының оқу өндiрiстiк әрекетiне байланысты.